

Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін акцизделетін тауарлардың кейбір түрлеріне арналған акциз ставкалары туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 19 сәуір N 513. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996.06.28. N 819 қаулысымен.

"Акциздер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 31 наурыздағы Заң күші бар Жарлығын орындау үшін және импортталатын акцизделетін тауарлар бойынша акциздер алуды ретке келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. 1995 жылғы 25 сәуірден бастап Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы мүше елдерінен тысқары жерлерден, сондай-ақ Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы мүше елдерінен әкелінетін акцизделетін тауарлардың кейбір түрлеріне 1 қосымшаға сәйкес акцизделетін ставкалар белгіленсін.

1995 жылғы 25 сәуірге дейін контракт (шарт, келісім) бойынша жасалған және толық төленген, оның ішінде басқа заңды тұлға-резидент немесе Қазақстан Республикасының резиденті емес адамы төлеген, сонымен бірге егер тауарларды экспорттық жеткізу 1995 жылғы 25 сәуірге дейін айырбас операциясы бойынша жүргізілсе, онда аталған тауарларға 1995 жылғы 25 сәуірге дейінгі қолданылып отырған ставка бойынша салық салынады.

2. Жеке адамдардың Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы алып өтетін салуға жатпайтын акцизделетін тауарлардың нормасы 2 қосымшаға сәйкес белгіленсін.

3. 1995 жылғы 25 сәуірден мыналардың күші жойылған деп танылсын:

1. "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 27 шілдедегі N 644 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 24 мамырдағы N 556 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 23, 240-бап):

а) 2-тармақтың екінші абзацы;

ә) "Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы мүше-елдерінен тысқары жерлерден әкелінетін импортталатын тауарларға акциздердің ставкалары" қосымшасындағы акциз ставкалары;

сыртқы экономикалық қызметтің тауарлы номенклатурасының 2203 00 коды бойынша жіктелетін "Солодты сыра" өнімдері бойынша;

сыртқы экономикалық қызметтің тауарлы номенклатурасының 2204 (2204 30-дан басқа) коды бойынша жіктелетін "күшейтілгенді қосқанда, табиғи жүзім шараптары" өнімдері бойынша;

сыртқы экономикалық қызметтің тауарлы номенклатурасының 2205 коды бойынша жіктелетін "Өсімдік немесе жұпар иісті экстракт қосылған вермут және басқа да табиғи жүзім шараптары" өнімдері бойынша;

сыртқы экономикалық қызметтің тауарлы номенклатурасының 2206 коды бойынша жіктелетін "Ашытылған басқа да сусындар (алма сидрі, алмұрт сидрі(перру,) бал сусыны" өнімдері бойынша:

сыртқы экономикалық қызметтің тауарлы номенклатурасының 2207 коды бойынша жіктелетін "Көлемі бойынша 80 проценттен кем емес спирті бар денатураланбаған этиль спирті; этиль спирті мен кез-келген күштіліктегі денатурланған басқа да спирт ішімдіктері" өнімдері бойынша;

сыртқы экономикалық қызметтің тауарлы номенклатурасының 2208 90 910 және 2208 90 990 коды бойынша жіктелетін "Көлемі бойынша 80 проценттен емес спирті бар денатурланбаған этиль спирті" өнімдері бойынша;

2) "Отандық және импортталатын тауарлардың кейбір түрлеріне акциз ставкалары туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 13 ақпандағы N 146 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1992 ж., N 6, 69 - б а п) ;

"Импортталатын тауарларға акциз ставкалары" N 2 қосымшасында акциз с т а в к а л а р ы ;

сыртқы экономикалық қызметтің тауарлы номенклатурасының 2208 коды бойынша (220890910. 220890990-нан басқа) жіктелетін "Күшті спирт ішімдіктері; ликерлер мен басқа да алкоголь ішімдіктері құрамдас спирттік фабрикаттар ө н і м д е р і " ;

сыртқы экономикалық қызметтің тауарлы номенклатурасының 2402 коды бойынша жіктелетін "Сигарлар (ұшы кесілген сигарларды қосқанда, сигариллалар(жіңішке сигаралар) және темекіден немесе оны алмастырушылардан жасалған сигареттер" өнімдері бойынша.

Қазақстан Республикасы
Премьер-министрінің
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 19 сәуірдегі
N 513 қаулысына
1 қосымша

Ескерту. 1 Қосымшаның күші жойылған - ҚРМК-нің
1995.07.13. N 960 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 19 сәуірдегі
N 513 қаулысына
2 қосымша

Жеке адамдардың Қазақстан Республикасының кеден

шекарасы арқылы акциздер салуға жатпайтын
акцизделетін тауарларды
Алып өту нормасы

Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасының коды	Тауардың атауы	Бір адам алып өтетін тауардың нормасы
---	----------------	---

2203 00, 2204 (2204 30-дан басқасы), 2205, 2206, 2207, 2208	Алкоголь ішімдіктері	5 литр*
2402	Сигарлар (ұшы кесілген сигараларды қосқанда), сигариллалар (жіңішке сигарлар) мен темекіден немесе оны	1000 дана

алмастыратындардан жасалған
сигареттер

* Көрсетілген норма сыртқы экономикалық қызметтің тауар коды бойынша бөлместен әкелінетін тауарлардың жалпы көлеміне белгіленеді. Акциз сатуға жатпайтын алкогольды ішімдіктердің тізбесі 5 литр көлемінде салық төлеушінің таңдауы бойынша айқындалады.